

**Мәслихаттың 2022 жылғы 30 маусымдағы № 174 "Сарыкөл ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 2022 жылғы 8 қыркүйектегі № 191 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 12 қыркүйекте № 29522 болып тіркелді

Сарыкөл аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Мәслихаттың "Сарыкөл ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" 2022 жылғы 30 маусымдағы № 174 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28718 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сарыкөл аудандық мәслихатының хатшысы*

*К. Базарбаева*

Сарыкөл аудандық мәслихатының  
2022 жылғы 8 қыркүйектегі  
№ 191 шешіміне  
қосымша

**Сарыкөл ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер**

Атауы	Есептік бірлік	Теңге (қосылған құн салығысыз)
Жайлы үйлер	1 тұрғын айына	314,21
Жайлы емес үйлер	1 тұрғын айына	377,46
Жылдық тариф бірлігіне (көлем)	1 м3	2 448,39